

47

**6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы
бойынша философия докторы ғылыми дәрежесін ізденуге ұсынылған
«Фармацевтикалық кәсіпорынды дамытудағы жобаларды
басқарудың негізгі аспектілері» тақырыбындағы
Тулемисов Сакен Кутимхановичтың
диссертациялық жұмысына ресми оппоненттің
РЕЦЕНЗИЯСЫ**

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен өзара сабақтастылығы (ғылым мен техниканың тәжірибесі мен дамуының сұранысы)

Қазіргі кезде фармацевтикалық өнеркәсіп әлемнің көптеген елдерінің ең табысты салаларының бірі болып келеді. Сонымен қатар фармацевтикалық нарық – бұл әрбір ел экономикасының маңызды секторы, оның экономикалық және әлеуметтік дамуының, тұрғындарының әл-аухат деңгейінің критерийі.

Отандық фармацевтикалық өндірісті құру – бұл күрделі, көп еңбек күші мен ақша қаражатын қажет ететін, сонымен қатар тұрғындардың денсаулығы мен әл-аухатын жақсарту үшін қажетті процесс ретінде көрініс табады. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі аясында өзіндік дәрілік препараттармен тұрғындарды қамтамасыз етудің тиімді деңгейіне қол жеткізу үшін отандық өндіріс қарқынын үдету қажет. Бұл ел экономикасына инновацияларды енгізусіз мүмкін болмайды.

Әлемдік фармацевтикалық нарықта қалыптасқан жағдай бойынша диссертантпен жүргізілген шетелдік және отандық әдебиеттерге талдау жасау арқылы фармацевтикалық өнімдердің әлемдік нарықтағы қарқынын көтеруге және қаражат салымы мен шешім қабылдауды қажет ететін мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Қазақстанның фармацевтикалық нарығы әлі де импорттың нарығы болып қалуда, сондықтан бұл саланы дамытудың негізгі мәселесі Қазақстан Республикасында фармацевтикалық өнеркәсіптің өндірістік қуаттылығын арттыру болып саналады. Ішкі нарықтағы отандық фармацевтикалық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін және әлемнің басқа елдеріндегі нарықта болуын арттыру үшін сапаны қамтамасыз ететін жүйені енгізіп, өндірісті GMP ережелеріне сәйкес ұйымдастыру қажет. Сонымен қатар GMP стандарттарын кеңінен енгізу мен мемлекеттік қолдау көрсету, отандық фармацевтикалық кәсіпорындардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету және қорытындысында, Қазақстан халқын қауіпсіз, қол жетімді және сапалы дәрілік өнімдермен қамтамасыз етуі керек, себебі GMP ережелері соңғы өнімді тестілеу арқылы толығымен жойылмайтын, сапасыз дәрілік құралдарды өндіруді төмендетуге бағытталған, яғни, дәрілік құралдар сапасы өнімге «интеграцияланып», ал басқару жүйесі – кәсіпорынның жалпы сапа менеджменті жүйесіне интеграциялануы тиіс. Жобаларды басқару жүйесі бөлімшелердің өзара әсер ету процестерін оптимизациялауға, тәуекелділікті басқаруға көмектеседі, және де кезеңдер мен жұмыстың орындалу ретін бақылайды, жобаларды жасау мен жүзеге асыру процесіндегі қызметкерлердің

ынтасын жүзеге асырады. Бұл қорытындылай келе, дәрілік құралдардың сапасы мен құнына ықпал етеді. Кәсіпорын ауқымында жобаларды басқару технологиясы – кәсіпорынды барлық бөлімшелерін қамтитын жүйелердің бірі. Жобаларды басқару теориясын жасап, оны жүзеге асыру, кәсіпорын өз қызметін кеңейтіп, қаржысын үнемдеуге ықпалын тигізеді.

Диссертантпен жүргізілген талдау нәтижесі қазақстандық фармацевтикалық нарықтың шетелдік дәрілік заттармен қамтамасыз етуінің жоғары тәуелділік жағдайында өзіндік фармацевтикалық нарықты құру Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігін сақтаудың басты басым міндеттерінің бірі болып табылатындығын көрсетті.

Қорыта келгенде диссертант ҚР-да фармацевтикалық кәсіпорынды дамытудағы жобаларды басқару өзектілігін дәлелдеді. Фармацевтикалық кәсіпорынды дамыту жобасын басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеді. Сонымен қатар фармацевтикалық кәсіпорынды дамытуға арналған басқару жобасының ұйымдастырушылық құрылымын зерттеп жасады. Қазақстандық фармацевтикалық кәсіпорындарды дамыту қызметіне жоба жасау әдіснамасын отандық фармацевтикалық кәсіпорындар жұмысына енгізді.

Жоғарыда аталған мәселелердің өзектілігі аясында осы жұмысты талқылай келе, оның дер кезінде орындалғандығын, қазіргі таңдағы қажеттілігін және пайдалылығын атап өткен жөн.

2. Диссертацияға қойылатын талаптар аясында ғылыми нәтижелер

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, әдеби шолудан, өзіндік зерттеу тарауларынан, қорытындылардан, әдебиет тізімінен және қосымшалардан құрастырылған. Кіріспеде мәселенің өзектілігі толық ашылған, зерттеу мақсаты мен міндеттері анықталған, жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы көрсетілген.

Бірінші тарау Қазақстан Республикасындағы және шет елдердегі фармацевтикалық кәсіпорын дамуының теориялық негіздерін талдау бойынша әдеби шолу ретінде көрініс табады. Диссертант ұйымдастыру туралы түсінікпен оны дамыту мәселелерін, адам – ұйымдастыруды дамыту факторы ретінде қарастырған. Қазақстандағы жобаларды басқару мәселелеріне талдау жүргізген.

Екінші тарауда жобаларды басқару жүйесі – фармацевтикалық кәсіпорын дамуының негізі ретінде қаралып, стратегия-портфель жүйесін құрайтын компоненттерді талдау, даму бағдарламасы мен жобасы, даму жобаларын басқарудың өмір сүру циклы, фармацевтикалық кәсіпорын дамуы жобаларының инициациясы мен приоритизациясы жасалған.

Үшінші тарауда автор фармацевтикалық кәсіпорын дамуы жобаларын басқарудың ұйымдастырушылық құрылымын көрсеткен. Диссертантпен жүргізілген талдау негізінде* фармацевтикалық кәсіпорын дамуы жобаларына қойылатын талаптар жасалған және фармацевтикалық жобалардың технико-экономикалық негіздемесі айқындалған.

Диссертацияның төртінші тарауы қазақстандық фармацевтикалық компаниялардың дамуы бойынша қызметіне жобалық методология модификациясын енгізуге арналған.

Бесінші тарау GxP талаптарына сәйкес дайын дәрілік құралдар өндірісі бойынша фармацевтикалық зауыт құрылысының концептуалды жобасын жасауға арналған. Автормен жүргізілген зерттеу негізінде GxP талаптарына сәйкес концептуалды жобаның бас жоспары жасалды. Концептуалды жобаның технологиялық, сәулетті – құрылыс шешімдері, инженерлік құралдары, желілер мен жүйелері анықталды.

Тулемисов С.К. диссертациялық жұмысы бірқатар жаңа нәтижелерден тұрады. Бұл білікті еңбек бола отырып, фармацевтикалық кәсіпорынды дамытудағы жобаларды басқару кезіндегі тәжірибеде қолдануға болатын теориялық ережелер мен нұсқауларды жасау арқылы диссертанттың ғылымға деген өз үлесін қосқандығын дәлелдейді.

Қорыта келгенде диссертациялық жұмысы мақсат пен міндеттер, зерттеу дизайны мен алынған нәтижелері бойынша 6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша PhD қойылатын талаптарға толық сай келеді.

3. Диссертацияда қалыптастырылған нәтижелер мен қорытындылардың дәлелділік және деректілік деңгейі

Диссертацияны талдау нәтижесінде жүргізілген зерттеу нәтижелері диссертантпен толық қаралған зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сай келеді. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен ресми қорғауға шығарылатын негізгі ой желісі еш күмән келтірмейді. Алға қойылған міндеттерді шешу үшін қолданылған заманауи әдістер зерттеудің қорытындыларын дұрыс қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Алынған нәтижелердің айқындылығы мен дәлелділігін растау үшін нақты материалдар 25 кесте мен 14 сурет түрінде көрініс табады. Жоғарыда аталған алынған нәтижелердің сенімді және дәлелді ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Қорытынды, тұжырымдамалар және тәжірибелік нұсқаулар диссертация мазмұнынан құралған.

4. Диссертацияда қалыптастырылған ізденушінің әрбір ғылыми нәтижелерінің, қорытындыларының мен тұжырымдамаларының жаңалық дәрежесі

Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік құндылығы, өзіндік зерттеулер негізінде жасалған «Научно-методическое обоснование инновационных проектов фармацевтических предприятий на региональном уровне» атты әдістемелік нұсқаулықтар кәсіпорындардағы жеке жағдайларға талдау жасауға, олардың ары қарай дамуын жобалауға, тиімділігін арттыруға және ауқымды даму кезіндегі тәуекелдерді алдын алуға мүмкіндік береді.

Жасалған «Дайын дәрілік құралдар өндірісі бойынша фармацевтикалық зауыты» тұжырымдамалық жобасы экспортқа бағытталған тауарларды жасауға негізделген өндірісті жасау бойынша Қазақстанның фармацевтикалық өнеркәсіп кәсіпорындарының өндіріс қуаттылығын арттыруға қолайлы жағдай жасайды.

Диссертация авторымен жасалған және ұсынылған фармацевтикалық кәсіпорындарды дамытудағы жобаларды басқару әдіснамалық және әдістемелік амалдары, онкопрепараттар өндірісі бойынша фармацевтикалық зауыт

құрылысының концептуалды жобасын жасау алгоритмі ел экономикасының фармацевтикалық секторын инновациялық дамыту мәселелерін шешуде қосқан ғылыми үлесі ретінде қарастыруға болады.

5. Нәтижелердің ішкі өзара біртұтастығын бағалау

Тулемисов С.К. диссертациялық жұмысы зерттеу алдына қойылған мақсатқа, міндеттерге қол жеткізуден туындайтын ішкі өзара үйлесімділікпен сипатталады. Қорғауға шығарылатын негізгі нәтижелер мен қорытындылар тәнік қолданылған әдістердің нәтижесі болып саналады. Алынған нәтижелер үйлесімді дәлелденген, алға қойылған міндеттерге сәйкес келеді.

Қорғауға шығарылатын қорытындылар мен негізгі нәтижелер, тәжірибелік нұсқаулар заңды түрде жұмыстың мазмұнынан шығады.

6. Өзекті мәселені шешудегі алынған нәтижелердің бағыттылығы

Диссертациялық жұмыс фармацевтика саласындағы өзекті қолданбалы міндеттерді – Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық кәсіпорынды дамытудағы жобаларды басқарудың негізгі аспектілерін қарастыруға бағытталған.

Сонымен қатар зерттеу материалдары «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша бакалавриатта, магистратурада және PhD докторантурада білім беру үшін фармацевтикалық өндірісті ұйымдық жобалау және фармацевтикалық инжиниринг бойынша аудиторлық сабақтарда талқылануы мүмкін.

Жалпы алғанда автормен алынған ғылыми нәтижелер дәрілік препараттардың отандық фармацевтикалық өндіріс жүйесіне қосатын ғылыми үлесі өте зор.

7. Диссертация нәтижелері мен қорытындыларының ғылыми баспаларда жариялануын растау

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері 19 ғылыми баспа жарық көрген, атап айтқанда: Thomson Reuters және Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдарда – 3 мақала, отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 12 мақала мен тезистер, ҚР БЖҒМ БҒБК ұсынылған ғылыми баспаларда – 4 мақала жарияланған. Ғылыми жұмыстың нәтижесі бойынша 1 әдістемелік нұсқаулар әзірленіп, 2 ұжымдық монографияда жарық көрді.

Әдістемелік нұсқаулар ҚР ДСДӨМ-нің Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығымен бекітіліп, 2 авторлық куәлік: ҚР ӘМ 2016 жылғы 24 мамырдағы №0961 авторлық куәлігі; Украина Мемлекеттік зияткерлік меншік қызметінің 2016 жылғы 11 қаңтарындағы №64932 авторлық құқығы берілген.

8. Диссертация мазмұны мен безендірілуі бойынша кемшіліктер

Диссертацияда кейбір механикалық жаңсақ басылу мен стилистикалық дәлсіздіктер кездеседі. Сонымен қатар, бірнеше ұсыныс жасау қажет, соның ішінде:

1. Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауындағы кейбір деректер дәлелдеу мәліметтерді талап етеді, мысалы, 33-ші беттегі 2-ші суретте берілген көрсеткіштерге әдебиеттік сілтіме келтіру.

2. Кейбір әдебиеттік сілтімелерді Екінші тарауының 37-39 беттеріндегі «Реинжиниринг» туралы мәліметке әдебиеттік сілтіме мехинакалық қателікке байланысты дұрыс қою.

3. Бесінші тараудың мазмұнын қысқарту, ал оның ішіндегі мәліметті Қосымшада келтіру.

Аталған кемшіліктер диссертацияның құндылығын, маңыздылығын және автордың фармацевтика ғылымына қосатын үлесін төмендетпейті.

9. Қорытынды

Тулемисов С.К. «Фармацевтикалық кәсіпорынды дамытудағы жобаларды басқарудың негізгі аспектілері» тақырыбындағы диссертациясы алға қойған мақсаты, міндеттері, көлемі, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы бойынша өз бетімен орындалған, білікті, аяқталған ғылыми еңбек бола отырып, 6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін ізденудің диссертациясына қойылатын талаптарға толық сай келеді, және де қорғауға ұсынылады.

Рецензент:

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік

фармацевтика академиясының

стратегиялық жоспарлау және

СМЖ бөлімінің бастығы,

Фармацевттік өндірістің технологиясы

кафедрасының меңгерушісі,

профессор л.а., фарм.ғ.канд.



Торланова Б.О.

ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫН АЙҚЫНДАЙМЫН
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
КАДРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БӨЛІМІ